

Көлік құралдарының Қызылорда облысының гидроторабы арқылы өткені үшін ақы белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 2 тамыз N 956. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.09.27. N 1262 қаулысымен. ~P011262

Көліктердің, оның ішінде ірі көлемді және ауыр салмақты көліктердің өтуі салдарынан қанағаттанғысыз күйге жетіп отырған Сырдария өзеніндегі Қызылорда гидроторабына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ осы гидроторапқа жөндеу жұмыстарын жүргізу және оның техникалық-экономикалық сипатын қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2701 U952701_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес ұзындығы 6 км болатын Қызылорда гидроторабы /1812-1806 км/ арқылы өтетін көлік құралдарына, оның ішінде жүк таситын, ірі көлемді ауыр салмақты, ТМД елдерінің алыс шетелдер мен Қазақстан Республикасының көліктерін қоса алғанда, "Самара-Шымкент" республикалық мемлекеттік автомобиль жолының учаскесі ақылы деп жарияланады.

2. Жоғарыда аталған учаске бойында жол ақысының ставкалары

қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы учаске бойынша жол ақыларынан алынған қаражаттар республикалық Жол қорына жіберілсін.

4. Республикалық Жол қоры осы учаске арқылы көлік құралдарымен жол жүруден түскен төлемдер сомасындағы жәрдемақыны Қызылорда облыстық жол қорына бөлуді көздерсін.

5. Учаске бойынша жол ақыларынан түскен түсімдердің толықтығына және түскен қаражаттың мақсатты пайдалануына бақылау жасау Қызылорда облысының әкіміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 2 тамыздағы

№ 956 қаулысына

қосымша

Қызылорда гидроторабы бойынша өтетін /1812-1806 км/
ұзындығы 6 км "Самара-Шымкент" республикалық мемлекеттік
автомобиль жолы бойынша жол жүру төлемдерінің
СТАВКАЛАРЫ

ТМД елдеріне алыс шетелдер мен Қазақстан Республика. Көлік құралдарының түрі сына арналған көліктермен жол жүру ставкаларының мөлшері /АҚШ долларымен/	
Жеңіл автомобильдер	0,85
Жеңіл автобустар	2,50
Ауыр автобустар	5,80
/Икарус, ЛИАЗ, ЛАЗ және басқалары/	
1,0 тоннаға дейінгі жүктерді көтеретін шағын жүк автобустары	1,25
2,5 тоннадан 5,0 тоннаға дейінгі жүктерді көтеретін жүк автомобильдері	3,50
5,0 тоннадан 8,0 тоннаға дейінгі жүктерді көтеретін жүк автомобильдері	5,80
8,0 тоннадан 12,0 тоннаға дейінгі жүктерді көтеретін жүк автомобильдері	7,50
12,0 тоннадан 15,0 тоннаға дейінгі жүктерді көтеретін жүк автопоездары	12,50

15,0 тоннадан артық жүктерді көтеретін жүк автопоездары	16,50
--	-------

Тракторлар	4,20
------------	------

Ескертулер: 1. Төлемақы оны төлеген кездегі доллар курсы бойынша теңге арқылы жүргізіледі.

2. Қызылорда облысында тіркелген жеңіл автомобильдерден ставкалар өндірілмейді.